

# Біржан сал Қожағұлұлы әлеуметтік өмір жыршысы

**«Біржан – бұрын –соңғы қазақтың сал-сері ақындарының ағасы, ұстазы, жанашыр өнерпазы. Өнер дамыған сайын Біржан мұрасы мәңгі бірге жасамақ»**

**Есмағамбет Ысмайлов**



**Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Адамға зияным жоқ жүрген жанмын.  
Қасыңа мені сендер неге алмайсың,  
Өзім сұңқар,өзім сал, кімге зармын.**

## ● Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897)

- Қазақ әдебитінде, мәдениетінде аса ірі тұлғаның бірі ХІХ ғасырдағы қазаң ән өнерінің, сөз өнерінің ірі өкілі Біржан сал Қожағұлұлы. Ол 1834 жылы қазіргі Ақмола (Көкшетау) маңайындағы Сексенкөлдің бірі Жекей көлінің жағасында дүниеге келген. Біржанның ескі ата қонысы Обаған болған. Біржанның арғы атасы Бертістен Ақшолақ, Айшуақ, Жаншуақ, Қожамқұл, Қожағұл, Қожағұлдан Тұрлыбай, Нұралы, Ералы туады. Біржан Тұрлыбайдың баласы. Атасы немересін бауырына басып, ежелден ерке өсіреді. Ата мен әже тәрбиесін көріп өскен ерке Біржан «Баласы Қожағұлдың Біржан салмын» деп жар салатын содан.

- Дәулетті атасының тәрбиесінде өскен Біржан тұрмыс таршылығын көрмей, еркін ер жетеді. Бас еркіндігі өзіндегі талантты бала жас шағынан домбырамен ән салуға, өлең сөз қиыстыруға бейімдігін байқатады. Өлеңге құмар жас тар аяда ңалымай, ошақ басы, от басы әңгімелерінен биік тұрып, ел тамсандырар серілер өміріне қызығып, өзі де салдық, серілік құра бастайды. Осы әншілігінің, ақындығының арқасында Біржан алты алашқа оңай танылып, кейінгіге ертегідей жетіп, қазақтың ерекше салт дәстүрі серілік дәстүрін шыңға шығарған жанға айналады.

- Қазақстанда ол туралы фильм түсірілген еді!



**1. Жанбота**

**2. Ләйлім шырақ**

**3. Ақтентек**

**4. Жайма-шуақ**

**5. Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті**

Біздің заманға Біржан салдың алпысқа жуық әндері жеткен. Оның әндері нәзік сезімді, сұлулықты жырлаған сыршылдығымен қоса («Ғашығым», «Қаламқас», «Ләйлім шырақ», «Айтбай», «Ақтентек», т.б.), әлеуметтік мән-мазмұнымен де («Жанбота», «Адасқак», «Көлбай – Жанбай», «Шідер», т.б.) құнды. Өмірінің соңғы кезінде ру арасындағы талас-тартыстар, ағайын ішінің кикілжіңі Біржан салдың жеке басына да қатты әсер еткен. Қиянатшылар тіпті оны «жынданды» деген лақап таратып, қол-аяғын байлап тастауға дейін барады.

- Аталмыш оқиға Біржан салдың «Теміртас» әнінде үлкен қасіретпен айтылады. Оның «Айтбай», «Адасқақ», «Жамбас сипар», «Жонып алды», «Алтын балдақ», «Көкек», «Жанбота», «Теміртас» сияқты әндері дәстүрлі қазақ әндерінің классикалық үлгілері ретінде қазақ мәдениетінің алтын қорынан орын алды.



**Біржан деп атым шықты алты Алашқа,  
Құдайым берсін өмір Теміртасқа.  
Жасымыз алпыс бірге келгенінде,  
Құдайым берді науқас ғазиз басқа.  
Алдымда шам шырағым - Теміртасым,  
Тілегім болсын ұзақ сенің жасың.  
Хош болыңдар, бауырым, балапаным,  
Байқаймын ажал шіркін құтқармасын.**



- **Аяғында көп қиналумен 64 жасында байлаулы жатып, аспандағы аққуға үн қосатын, бүкіл қазақ даласын әнге бөлеген асыл өнердің иесі - Біржан бұл дүниемен қоштасады. Біржанның өмірі, Біржанның әндері - қазақ музыкасының биік белесі.**